# АНА ТІЛІ

## ОҚУШЫНЫҢ
## ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ

(1-СЫНЫП)

№1

Улаанбаатар қаласы

2021 жыл

## ҚҰРМЕТТІ ШӘКІРТ!

Сенің оқып, білім алуыңа септігін тигізетін тағы бір көмекші құрал – қолыңдағы өз бетіңше орындайтын жұмыс дәптері. Сен қазақ тілі сабағының жаттығу дәптерінде берілген тапсырмаларды орындау арқылы бұрынғы алған біліміңді шыңдап, жаңа мағлұматтар аласың, шығармашылық қабілетіңді дамытасың, өз біліміңді бағалап, қорытынды жасайсың. Ол үшін саған ұстазың, ата-анаң көмектеседі.

***«Өзіндік жұмыс дәптерінің» құрылымы:***

Жұмыс дәптері 2 бөлімнен тұрады. №1 жұмыс дәптерінде «Дыбыс пен әріпті қайталау», «Буынды қайталау», «Сөз, сөйлемдерді қайталау» тараулары бойынша түрлі мәтіндер мен тапсырмалар қамтылды. Әр тарау тақырыптық сабақтарға бөлінген. Ол арнайы кодтар арқылы көрсетілді. Кодтың алдыңғы саны тараудың, соңғы саны тақырыптық сабақтың ретін көрсетеді. *Мысалы:* I.4 – бірінші тарау, төртінші тақырыптық сабақ.

Тарауларда берілетін білім мазмұнының ауқымына сай әр тараудағы тапсырмалар саны әртүрлі болумен қатар, тапсырмалар «жеңілден күрделіге қарай» ұстанымы бойынша берілді.

***Бағалау шарты:***

Бұл дәптер сенің нені білетініңді, нені білмейтініңді, саған қандай көмек қажет екендігін анықтауыңа да мүмкіндік береді. Әр тапсырманы орындаған соң, өзіңді-өзің бағалайсың.

-“Тапсырманы толық орындадым.”

-“Сұрақтарым бар.” дегенді білдіреді.

Әр тапсырманы орындап болған соң, өзіңнің қаншалықты деңгейде орындағаныңа қорытынды жасап, қажетті күлегештің жанындағы торкөзге □ ✓ белгісін қоясың. Соңғы күлегештің жанына белгі көп қойсаң, ата-анаңнан, мұғаліміңнен көмек сұрағаның жөн.

Күніне 20-25 минутта 4-5 тапсырма орындауыңа болады.

***Жауап парағы:***

Өзіндік жұмыс дәптерімен бірге, тапсырмалардың дұрыс жауаптары да берілген. Тапсырманы дұрыс орындағандығыңа көз жеткізу үшін, жауап парағына жүгінесің. Сурет бойынша әңгімелеу, басып, көшіріп жазу, түсінігін айту, суретін салу, мақал-мәтел, жұмбақтар мен өлеңдерді жаттау, мәнерлеп оқу қатарлы шығармашылық қабілетіңе қатысты жұмыстарға арнайы жауап берілген жоқ.

*Өзіндік жұмыс дәптері сенің біліміңді шыңдауыңа көп үлес қосатынына сенеміз.*

**Іске сәт!**

## Дыбыс және әріп

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн...сағат



- ✓ Дыбыстар мен әріптерге байланысты тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Сөздер мен сөйлемдерді дұрыс оқимыз, айтамыз.
- ✓ Сөздер мен сөйлемдерді қатесіз, көркем жазамыз.
- ✓ Өз білімімізді бағалаймыз.

-“Тапсырманы толық орындадым.”

-“Сұрақтарым бар.”

Күлегештің соңындағы ☐-тың ішіне ✓ белгісін қоямыз.

**1-тапсырма. А** әрпінен басталған 5 сөз жазайық.

**2-тапсырма. О** әрпі кірісекн сөздердің астын сызайық.

Орман - біздің байлығымыз. Онда көптеген ағаштар өседі. Сондықтан орманның ауасы таза болады. Түтінді ағаш жапырақтары бойына тартып алады. Орманда аңдар да кездеседі.

**3-тапсырма.** Салыстырып оқиық.

| | | |
|---|---|---|
| бақа – баға | қана – ғана | қалам – ғалам |
| саба – сапа | арба – арпа | бал – бел |
| орта – орда | тара – дара | тос – төс |
| шана – шала | қала – қара | таң – тең |

**4-тапсырма.** Дыбыстарды сәйкестіріп сызайық.

а м ш ө ү р

**дауысты дыбыс** **дауыссыз дыбыс**

Аяқтаған: ..... жыл ..... ай .... күн... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Қ11 Дыбыс және әріп

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: ..... жыл ..... ай ... күн…...сағат



- ✓ **К** дыбысы кіріскен аң, құс атауларын айтамыз.
- ✓ Мақалды мәнерлеп оқып, жаттап аламыз.
- ✓ Қай әріптен басталып тұрғанын сызық арқылы сәйкестіреміз.

**1-тапсырма.** **К** дыбысы кіріскен аң, құс атауларын айтайық.

***Үлгі***: түлкі, үйрек, ...

**2-тапсырма.** Мақалды мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

**3-тапсырма.** Қай әріптен басталып тұрғанын сызық арқылы сәйкестірейік.

   

**Н** **К** **Г** **Д**

**4-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын жазайық.

   

қ...................... с................. а...................... о.................

**5-тапсырма.** Қалып қойған әріптерді тауып, сөз құрап оқиық.

қ . рға, қ . ран, ас . қ, ұрш . қ, ұст . з

Аяқтаған: ....... жылы ..... ай .... күні... сағаты Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ11 **Дыбыс және әріп**

Оқушының аты-жөні: .......................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Жұмбақты оқып, шешуін табамыз.
- ✓ Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазамыз.

**1-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Мейізде бар, өрікте жоқ.
Киізде бар, сырмақта жоқ. *Жауабы:* ....................

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазайық.



Ауа

Адам ауамен дем алады. Ауасыз өмір жоқ. Ауа таза болу керек. Сынып, бөлме ауасын тазартып тұру пайдалы. Ауа таза болса, адамның денсаулығы жақсы болады.

Ауа

Адам ауамен дем алады. Ауасыз өмір жоқ. Ауа таза болу керек. Сынып, бөлме ауасын тазартып тұру пайдалы. Ауа таза болса, адамның денсаулығы жақсы болады.

**3-тапсырма.** Сұрақты оқып, жауабын табайық.

Біз немен дем аламыз?

1. сумен 2. ауамен 3. желмен

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Дыбыс және әріп

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



✓Дауыссыз дыбыстарды бояймыз.
✓Сурет бойынша шағын ертегі құрастырып айтамыз.

**1-тапсырма.** Сурет бойынша шағын ертегі құрастырып айтайық.

  

**2-тапсырма.** Тиісті әріпті қойып, сөз құрап жазайық.

са . ат, қол . ап, к . йлек, дәпт . р, т . мақ, шор . ан,
А . ша, г . л, к . тап, шағ . ла, қарлы . аш, . құшы.

**3-тапсырма.** Торкөзге суреттегі заттардың атын жазып, дауыссыз дыбыстарды көк өңмен бояйық.

   

Аяқтаған: ....... жылы ..... ай .... күні... сағаты Өзіңді бағала:  ☐  ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Дауысты дыбыстарды тауып, астын сызамыз.
- ✓ Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, жазбаша көшіріп жазайық.

**Күз**

Күз түсті. Күн де суыта бастады. Жан-жануарлар қысқы дайындығын жасауда. Құмырсқалар індеріне дән тасып жүр. Құмырсқа – еңбекқор жәндік. Олар қыста жейтін азығын жаз бойы жинайды.

**2-тапсырма.** Мәтіндегі дауысты дыбыстардың астын сызайық.

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

**Ата ақылы**

Кім үлкенді тыңдаса,
Кім үлкенді сыйласа,
Үлкен болған кезінде,
Сыйлы болмақ өзі де.

**4-тапсырма.** Берілген әріптерден 4 сөз құрап жазайық.

д, а, о, л, п, м, а, н.

Аяқтаған: ....... жылы ..... ай .... күні... сағаты Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ...............................   Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



✓ Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқимыз.
✓ Сурет арқылы мәтіннің мазмұнын айтамыз.
✓ Дауыссыз дыбыстан басталған сөз жазамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді 3 рет оқып, түсініп алайық.

**Жаралы кептер**

Талап жаралы кептерді үйіне алып келді. Жараланған жеріне йод жақты. Кептерді қорапқа салды. Алдына жем, су қойды. Талап жазылған кептерді далаға шығарып, ұшырып жіберді. Көккептер әуелеп ұшып кетті. Талап қатты қуанды.

**2-тапсырма.** Оқыған мәтіннің мазмұнын сурет арқылы айтайық.



**3-тапсырма.** Мәтіннен **е** әрпі кірiскен сөздерді теріп жазайық.

**4-тапсырма.** Дауыссыз дыбыстан басталған 5 сөз жазайық.

.........................., .........................., .........................., .........................., ..........................

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн... сағат        Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн …... сағат



- ✓ Жұмбақты оқып, шешуін табамыз.
- ✓ Нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөз құрап оқимыз.

**1-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Арада жоқ, шанада бар,
Қалада жоқ, санада бар.

*Жауабы:* ...............................

**2-тапсырма.** Суреттердің атын жазайық.

  

**3-тапсырма.** Нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөз құрап оқиық.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| с . т, | к . ме, | ыд . с, | м . сық, | тер . зе, | сур .т, |
| . сық, | мал . ы, | к . лем, | қа . аз, | қоң . рау. | |

**4-тапсырма.** Дауыссыз дыбыстың алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. ө  2. ү  3. т  4. а

**5-тапсырма.** Дауысты дыбыстан басталып тұрған сөз қайсысы?

1. тағам  2. жеміс  3. алмұрт

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн……... сағат   Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ11 **Дыбыс және әріп**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат

- ✓ Дауысты дыбыстарды бояймыз.
- ✓ Мәтінмен жұмыстаймыз.

**1-тапсырма.** Торкөзге суреттегі заттардың атын жазып, дауысты дыбыстарды қызыл өңмен бояйық.

  

| | | |
|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазайық.




Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Сөз және сөйлем

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



✓ Суреттердің атын жазып, сөйлем құраймыз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын жазып, сөйлем құрап айтайық.






**2-тапсырма.** Сөздерді оқиық.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Шөл | төл | өрнек | көрік | көрме |
| Көл | сөл | өрмек | көлік | көрші |
| Көке | өмір | өрт | өрмек | көгершін |
| Көкек | көмір | төрт | өрмекші | көркем |

**3-тапсырма.** Суретті пайдаланып, сөйлем құрап жазайық.




Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

## Сөз және сөйлем

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат

✓ Сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтамыз.
✓ Сызбаны пайдаланып, сөйлем құрап жазамыз.

**1-тапсырма.** Мақалды оқып, мәнін түсініп алайық.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,
Үлкен жоқ болса, кішіден сұра.

**2-тапсырма.** Сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтайық.





**3-тапсырма.** Суретті сызбаны пайдаланып, сөйлем құрап жазайық.




**4-тапсырма.** Дауысты дыбыстың алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. ш    2. д    3. й    4. ұ

**5-тапсырма.** 5 әріп, 5 дыбыстан құралған сөзді көрсетейік.

1. ағаш    2. сағат    3. қолғап

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн ……. сағат    Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Сөз және сөйлем

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Тақпақты оқып, жаттаймыз.
- ✓ Қуыршақты бояймыз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын жазайық.

   

**2-тапсырма.** Тақпақты мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

**3-тапсырма.** Қуыршақты бояйық.



Ойыншығым қуыршақ,
Не берсем де жемейді.
Еркелігі соншама,
Көтермесем жүрмейді.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат



✓**Қ** дыбысы кірiскен сөз айтамыз.
✓Нүктенің орнына ***ы, і*** әріптерінің тиістісін қоямыз.

**1-тапсырма.** Берілген сөйлемдерді 2 рет қайталап оқиық.

Орманда ағаш мол. Ғалымжан, Жарас аға ағаш аралады. Оны шанаға салды. Олар отынды ауылға тасыды. Атам ағаш жарды.

**2-тапсырма.** Сөйлемдерді қатесіз, көркем көшіріп жазайық.

**3-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Балада бар, данада жоқ.
Бабада бар, ағада жоқ. *Жауабы:* .......................

**4-тапсырма.** **Қ** дыбысы кірiскен 5 сөз айтайық.

***Үлгі:*** қала, алқа, ..................................................................................

**5-тапсырма.** Нүктенің орнына **ы, і** әріптерінің тиістісін қояйық.

м **.** сық, ки **.** м, үск **.** , су **.** қ, алт **.** н

**6-тапсырма.** **«Саңырауқұлақ»** сөзі неше дыбыстан құралғанын табайық.

а. 12 ә. 11 б. 10 в. 9

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

## Сөз және сөйлем

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн …….. сағат

- ✓ Суреттерді бақылап, ертегінің атын табамыз.
- ✓ Сөздерді дұрыс орналастырып, сөйлемді жазамыз.

**1-тапсырма.** Суретте қандай ертегілер берілгенін анықтап, тақырыбын жазайық.





**2-тапсырма.** Бұл ертегілер жайлы білетінімізді ата-анамызға айтып берейік.

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

Мен мектепке барамын,
Інім болса бақшада.
Ақ мамама кім жетсін,
Әлемдегі жақсы ана!

**4-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

ойнады, Айша, шахмат.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Мәтіннен тиісті сөйлемдерді көшіріп жазамыз.
- ✓ Суретті әріптерге сәйкестіріп сызамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді 3 рет қайталап оқиық. Мазмұнын түсініп алайық.

## Әжесінің баласы

Есін білетін күннен Алмас әжесіне үйір болды. Жанынан бір елі аттап шықпайды. Дүкенге де бірге барады. Сірә, әжесіндей ертегіні көп білетін адам жер бетінде жоқ шығар. Алмас әжесінің осыншалықты ертегілерді қайдан білетініне таңғалды. Қалай ұмытпайтынына қызығады.

**2-тапсырма.** Мәтіннің **үшінші, төртінші** сөйлемін көшіріп жазайық.

**3-тапсырма.** Суреттегі заттар қай әріптен басталып тұрғанын анықтап, сызық арқылы сәйкестірейік.



**К** **Б** **Ә** **А**

Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн............ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ................................  Бастаған: ... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Сөздерді дауысты, дауыссыз дыбысқа ажыратамыз.
- ✓ Екі дауысты дыбыс қатар келген сөзді табамыз.

**1-тапсырма.** Сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар?

***Үлгі:*** орман - 5 әріп, 5 дыбыс

**Айша** - ... әріп, ... дыбыс

**Шортан** - ... әріп, ... дыбыс

**2-тапсырма.** **«Тарақ», «орда»** сөздерін дауысты, дауыссыз дыбысқа ажыратып жазайық.

***Үлгі:*** **Тарақ** - 5 әріп, 5 дыбыс

**Т** – дауыссыз дыбыс　　**а –** дауысты дыбыс　　**р –** дауыссыз дыбыс

**а** – дауысты дыбыс　　**қ –** дауыссыз дыбыс

**Орда –** ... әріп, ... дыбыс




**3-тапсырма.** Екі дауысты дыбыс қатар келген сөзді тауып, астын сызайық.

жапалақ,　ана,　құлақ,　бал,　арқар, шағала,　сиыр.

**4-тапсырма.** **Р** әрпі кірісken 4 сөз жазайық.

..........................., .............................., ..........................., .............................

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат　　Өзіңді бағала:  ☐  ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........... сағат

✓ Сөздегі дауысты дыбыстарды теріп жазамыз.

**1-тапсырма.** Екі дауыссыз дыбыс қатар келген сөздің алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. бала 2. астау 3. көлік 4. ақын

**2-тапсырма.** Төмендегі сөздердің дауысты дыбыстарын теріп жазайық.

Пәтер, хатшы, өрмек, ілгіш, ыдыс, саябақ, юбка, киім, ёлка, ұлар, сүт, орман.

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

**Кітап**

Саған білім жемісін,
Оқулығың береді.
Талай адам сол үшін,
Маңдай терін төгеді.

Оқулықты құрметте,
Күтіп ұста, кірлетпе.
Кішілерге табыс ет,
Дақ түсірмей бір бетке.

**4-тапсырма.** 4 дыбыс, 4 әріптен құралған сөзді көрсетейік.

1. арман 2. шортан 3. арба 4. бор

**5-тапсырма.** Торкөздерге берілген әріптерден басталған сөз тауып жазайық.

| | | | |
|---|---|---|---|
| С | | | |
| С | | | |
| С | | | |
| С | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ж | | | |
| Ө | | | |
| Т | | | |
| Е | | | |

Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі – Қ31* **Дыбыс және буын**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ....... сағат



✓ *Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады.*

**1-тапсырма.** Буындардан сөз құрап жазайық.

И → не
И → рек
И → кем

ар → ман
сай → ман
и → ман

**2-тапсырма.** Төмендегі буындарды оқиық.

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ма | аш | то | ор | қу | ұс | да | ер |
| оқ | жө | кү | зе | у | қо | мұ | үш |

**3-тапсырма.** Келесі буынды тауып, сөз құрайық.

А- ..., ай- ..., са- ..., тор- ..., шыр-ға- ...

**4-тапсырма.** Суретті пайдаланып, сөйлем құрап жазайық.

 **үлкен**  **жеді.**

Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: .............................. Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат



- ✓ Буындардың келесі сыңарын тауып, сәйкестіріп сызамыз.
- ✓ Сөздерді буынға бөліп жазамыз.

**1-тапсырма.** Буындардың сыңарын тауып, сөз құрап оқиық.




**2-тапсырма.** Буындардың келесі сыңарларын тауып, сызық арқылы қосайық.

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ке | тек | А | рақ |
| Ер | ме | Е | рік |
| Те | ше | О | та |
| Кө | рек | Ө | тік |

**3-тапсырма.** Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазайық.

***Үлгі:*** а-та, са-ғат, ар-ба, арт-ты.

Арман, сайман, ата, қора, егін, ашулы, қарттар.

**4-тапсырма.** **«Торғай»** сөзінде неше буын барын табайық.

а. 3 ә. 2 б. 1

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Дыбыс және буын

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн........ сағат



- ✓ Сурет бойынша мәтін құрастырып айтамыз.
- ✓ Буындардан сөз құрап оқимыз.
- ✓ Сәйкес сөзді қойып, сөйлемді аяқтаймыз.
- ✓ Дауысты дыбыстан басталған сөз жазамыз.

**1-тапсырма** Сурет бойынша шағын мәтін құрастырып айтайық.








**2-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

қызықты, оқыды, Дана, кітап.

**3-тапсырма.** Буындардан сөз құрап оқиық.

А — ға, сыл, дам

ар, тал, ба — қан

**4-тапсырма.** Сәйкес сөзді қойып, сөйлемді толықтырайық.

Нарау ................ оқыды. Сайран .................. ішті. Шарапат .................. киді.

**5-тапсырма.** Дауысты дыбыстан басталған 5 сөз жазайық.

Әсем,

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

**_Ана тілі_ – Қ31** **Дыбыс және буын**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ......... сағат



- ✓ Суретті сызба бойынша сөйлем құрап жазамыз.
- ✓ Екі буынды сөздің астын сызамыз.
- ✓ Сөздердің басқы буынын тауып, өңді бояумен бояймыз.

**1-тапсырма.** Суретті сызбаны пайдаланып, сөйлем құрап жазайық.

Менде сүйкімді  бар. .

______ ______  ______ .

**2-тапсырма.** Мәтінді 3 рет дауыстап оқиық.

**Ақтөс**

Қанаттың Ақтөс атты иті бар еді. Ол үнемі иесінің қасынан қалмайтын.

Бір күні ол көлге шомылуға барды. Көлдің айналасы тыныш, ешкім жоқ. Қанат жүгіріп барып, суға түсіп кетті.

Кенет ол демала алмай, суға батып бара жатты. Осы кезде қайдан келгені белгісіз, Ақтөс жүгіріп келіп, Қанатты сүйреп, жағаға шығарды. Есін жинаған Қанат итіне рақмет айтқандай, мойнынан құшақтады.

**3-тапсырма.** Қанат қайда барды? Дұрыс жауаптың алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. орманға    2. көлге    3. тауға

**4-тапсырма.** Сөздерді оқып, екі буынды сөздің астын сызайық.

Ахмет, бала, орман, қария, шот, есе, орамал, қайшы, кесе, ат, арба.

**5-тапсырма.** Сөздердің басқы буынын тауып, түрлі түспен бояйық.

| б | і | л | і | м |
|---|---|---|---|---|

| о | р | а | қ |
|---|---|---|---|

| м | а | р | ж | а | н |
|---|---|---|---|---|---|

Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн............ сағат    Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ31 **Дыбыс және буын**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Сөздерді буынға бөліп оқимыз.
- ✓ Үш буынды сөзді табамыз.
- ✓ Келесі буынын жазамыз.

**1-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп оқиық.

| | | | |
|---|---|---|---|
| ғалым | жайлау | әке | оңаша |
| сағат | ғарыш | Әсет | қоңырау |
| өрмек | көрші | ота | ардагер |

**2-тапсырма.** Буыннан сөз құрап айтайық.




**3-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Дәрі, өрмек, көбелек, оқушы, көркем, артты.

**4-тапсырма.** Үш буынды сөзді көрсетейік.

1. алақан 2. апа 3. көз

**5-тапсырма.** Келесі буынын жазайық.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| а | р | - | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| п | е | р | - | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| к | ү | - | | | |

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі – Қ31*   **Дыбыс және буын**

Оқушының аты-жөні: ...............................   Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ........ сағат

- ✓ Артық сөздің астын сызамыз.
- ✓ Өлең жолдарын оқып, жаттаймыз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын буынға бөліп жазайық.






***Үлгі:*** қо-ян

**2-тапсырма.** Артық сөзді тауып, астын сызайық.

Көл, өзен, теңіз, дала, тау, парта.

**3-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

Атам менің әмәнда,
«Әдепті жан бол!» - деген.
Атам сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.

«Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпе көлденең.»
Ізетімен кішінің,
Сәлемдесіп қол берем.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат   Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ......... сағат



- ✓ Мәтінді оқып, үстінен басып жазамыз.
- ✓ Жаңылтпашты жаңылмай жатқа айтамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазайық.




**2-тапсырма.** Жаңылтпашты оқып, жаңылмай жатқа айтайық.

Торғай тоғайды ұнатады,
Тоғай торғайды ұнатады.

**3-тапсырма.** Бір буынды сөзді табайық.

1. ата 2. отау 3. бел

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн ........ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: ..... жыл ... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Ертегіні оқып, жалғастырып айтамыз.
- ✓ Буын мен сөзді сәйкестіріп сызамыз.
- ✓ Сөйлемді толықтырып жазамыз.

**1-тапсырма.** Ертегіні оқып, әрі қарай жалғастырып айтайық.

Бір құмырсқа өз илеуіндегі тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыздармен дос болыпты.

Бірде жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі дәнді орнынан қозғалта алмапты. Көмекке досы араны шақырады. Бірақ ара келмей қояды. Қоңыз да құмырсқаның сөзін құлағына ілмей, ұшып кетеді. Достарынан күдерін үзген құмырсқа мұңайып келе жатып, .......................................................................

**2-тапсырма.** Мәтіннің басты кейіпкерін бос орынға сызайық.



**3-тапсырма.** Сызық арқылы сәйкестірейік.

| | | |
|---|---|---|
| оқушы | бір буынды сөз | көл |
| маса | екі буынды сөз | өрмекші |
| бұлт | үш буынды сөз | жаңбыр |

**4-тапсырма.** Сәйкес сөзді қойып, сөйлемді толықтырып жазайық.

Самат ауылдан .......................... Барбол ....................... істеді.

.................. доппен ойнады.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн............ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Мәтіндегі қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жазамыз.
- ✓ Сұрақты жауабымен сәйкестіреміз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп жазайық.

**Гүлді баптау**

Жандостың апасы сары **құмыраға** әдемі қызыл гүл өсірді. Оған өзі су құйып, баптап, күтеді. Осыны үнемі көріп жүрген кішкентай Жандостың да **гүлдерді** баптағысы келіп кетті. Анасы жұмысқа кеткенде, дастарқандағы гүлдің суретіне су құйды. Су еденге төгілді. Жандос суретке су құюға болмайтынын енді түсінді.

**2-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын буынға бөліп айтайық.

*Үлгі:* а-ла-қан






**3-тапсырма.** Сұрақты жауабымен сәйкестірейік.

| | |
|---|---|
| 1. Ақылдыға не жарасады? | шақырған |
| 2. Құланға не жарасады? → | ысқырған |
| 3. Жыланға не жарасады? | → пысқырған |
| 4. Әтешке не жарасады? | оқыған |

**4-тапсырма.** Дұрыс буынға бөлінген сөз қайсысы?

1. ә-же 2. ар-ал 3. шан-а

Аяқтаған: ........ жыл ..... ай .... күн.......... сағат **Өзіңді бағала:** ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ....... сағат

- ✓ Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазамыз.
- ✓ Жаңбыр тамшыларынан сөз құрап оқимыз.

**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, соңғы екі жолын көшіріп жазайық.

*Шаңырақ*

*Жарқырасын, өмірлерің, жаңарсын,*
*Барлығың да перзентімсің, баламсың.*
*Көңілдерің керегедей байланып,*
*Ниеттерің уықтайын қадалсын!*
*Тату елміз, жұдырықтай жұмылған,*
*Ауызбірлік қалыптасқан бұрыннан.*
*Мәрттігімді қазағымның сезгейсің,*
*Жарқыраған күндей жайсаң жырымнан.*

**2-тапсырма.** Жаңбыр тамшыларынан сөз құрап оқиық.




Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн............ сағат **Өзіңді бағала:** ☐ ☐

*Ана тілі – Қ41* **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат

- ✓ Мәтінді оқып, әрі қарай жалғастырып айтамыз.
- ✓ Сұраққа жауап жазамыз.
- ✓ Мәтінді рөлмен оқимыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді әрі қарай жалғастырып айтайық.

Көжек кірпіге келіп:
– Сенің киімің қандай жаман еді, толған тікенек қой өзі, – деді.
– Оның рас. Осы тікенек киімім мені неше түрлі жырткыштан қорғайды.
– Ал, сенің әдемі киімің өзіңді қорғай ала ма? – деді кірпі. ...

**2-тапсырма.** Кірпінің сұрағына бір сөйлеммен жауап жазайық.

**3-тапсырма.** Кірпі мен қоянның әңгімесін отбасы мүшелерімен бірлесіп, рөлмен оқиық.



**4-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тауып, буынға бөліп жазайық.

Түсіріп қақпанға,
Жыланды ол ұстайды.
Тып-тыныш жатқанда,
Шөткеге ұқсайды.

*Жауабы:* .....................

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ..... сағат



- ✓ Буынға байланысты тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Мәтіннен екі буынды сөздердің астын сызамыз.

**1-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.

Жарас, орманда, орақ, әнші, отырды, ауа, жұмыртқа.

**2-тапсырма.** Жазбаша мәтінді оқып, екі буынды сөздердің астын сызайық.

*Тоғайда*

*Балалар тоғайға барды. Олар тоғайда гүл, жидек терді. Тоғай жанында өзен бар. Балалар өзеннен балық аулады. Тоғайда құстар сайрап, аралар ұшып жүр. Балалар жақсы тынықты.*

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алайық.

**Әдептілік үлгісі**

Өнегелі жол ұқсаң,
Әдебіңді дәлелдер.
Жасы үлкенге жолықсаң,
Бірінші болып сәлем бер!
Жасамас үшін ағаттық,
Тыңда ақылды қабылдап.
Алдында ішер тамақтың,
Қолыңды жу сабындап.

**4-тапсырма.** Буынға теріс бөлінген сөзді тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. дом-бы-ра 2. ау-ыл-дас 3. е-гін-ші

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

## Сөйлем және мәтін

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: ... жыл .... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Ұқсастығын табамыз.
- ✓ Сөздерді теріп жазамыз.
- ✓ Сызбаны толықтырамыз.

**1-тапсырма.** Қандай ұқсастық барын табайық.




**2-тапсырма.** Жоғарыдағы сурет атауларынан үш буынды сөздерді теріп жазайық.

**3-тапсырма.** Сызбаны толықтырайық.




Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

**_Ана тілі_ – Қ41** **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Торкөздерге тиісті сөзді жазамыз.
- ✓ Мәтіндерді оқып, сурет бойынша әңгімелейміз.
- ✓ Мақалды толықтырып жазамыз.
- ✓ Мәтіндегі сөйлем санын табамыз.

**1-тапсырма.** Ойланып, торкөздерге тиісті сөзді жазайық.




**2-тапсырма.** Сурет бойынша ертегіні әңгімелейік.



**3-тапсырма.** Керекті сөзді қойып, мақалды толықтырып жазайық.

........... – білім бұлағы,

............ – өмір шырағы.

***Керекті сөздер:*** Білім, кітап

**4-тапсырма.** Мәтінді оқып, неше сөйлемнен құралғанын табайық.

Жауабын ☐-тың ішіне жазайық.

**Жеңімпаз аю**

Аю, түлкі, қасқыр – үшеуі жарысты. Қорбаңдаған аю араның ұясын бұзып кетті. Аралар аюды шаға бастады. Араларға таланған ол тез жүгірді. Сөйтіп аю түлкі мен қасқырдан озып кетті.

☐ сөйлемнен құралған.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат



- ✓ Ертегіні рөлге бөліп оқимыз.
- ✓ Мәтінге қатысты тапсырмалар орындаймыз.

**1-тапсырма.** Тиісті әріпті қойып, сөз құрап айтайық.

| с . на | са . мал | м . лтық | к . н | бал . қ | қ . йың |
|---|---|---|---|---|---|

**2-тапсырма.** Ертегіні отбасы мүшелерімен бірге рөлге бөліп оқиық.

Күн, Ай және Жұлдыз – үшеуі келе жатып, жолдың жиегінде отырған баланы көреді.

– Иә, балақай, кімді күтіп отырсың? – деп сұрайды үшеуі.

– Ешкімді күтіп отырған жоқпын, – дейді бала.

– Аяғыма тікен кіріп, жүре алмай отырмын.

Бұлар баланы аяп кетеді. Алдымен көмекке Жұлдыз ұмтылады. Бірақ оның көмескі жарығына тікен көрінбейді. Енді Ай кіріседі. Ол да тікенді ала алмайды. Кезегі келгенде Күн айналаны жарқыратып жібереді. “Таптым!” – деп, бала тікенді өзі-ақ суырып алады. Риза болған бала үшеуіне де алғысын білдіреді.

**3-тапсырма.** Мәтіндегі кейіпкерлердің атын теріп жазайық.

**4-тапсырма.** Төмендегі сөзді дауысты, дауыссыз дыбысқа ажыратып жазайық.

*Үлгі:* Ай - 1 буын, 2 әріп, 2 дыбыс

**А** - дауысты дыбыс **й** - дауыссыз дыбыс

күн – ... буын, ... әріп, ... дыбыс

к –

ү –

н –

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ... сағат



- ✓ Сәйкес сөзді қойып, сөйлемді аяқтап жазамыз.
- ✓ Мәтінді оқып, сурет сызамыз.

**1-тапсырма.** Берілген сөздерді буынға бөліп жазайық.




**2-тапсырма.** Сәйкес сөзді қойып, сөйлемді аяқтап жазайық.

Дана ..................... ішті. Қайрат ........................ айтты.
Сара ........................ оқыды. Дана домбырада .....................

**3-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Тілден ұшып,
Құлаққа қонады. *Жауабы:* .....................

**4-тапсырма.** Мәтінді 3 рет оқиық. Мағынасын түсініп алайық.

**Сурет**

Қанат сурет салуды жақсы көреді. Оның альбомында неше түрлі суреттер бар. Әрбір сурет түрлі түсті қарындаштармен боялған. Қанат Күннің суретін салды. Оның астына “Әрқашан Күн сөнбесін!” деп жазды.

**5-тапсырма.** Күннің суретін салып, бояйық.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн...... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Сөйлем және мәтін

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Торкөзге сөз тауып жазамыз.
- ✓ Сызба бойынша сөйлем құрап жазамыз.
- ✓ Шағын әңгіме құрап айтамыз.

**1-тапсырма.** Ойланып, торкөздерге тиісті сөзді жазайық.




**2-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлем құрап жазайық.

Мен ______ ______ .

Хамит ______ ______ ______ .

**3-тапсырма.** Жаңылтпашты оқып, жатқа айтайық.

Шеше, шеше,
Неше кесе
Сынды кеше?

**4-тапсырма.** Сурет бойынша шағын әңгіме құрап, айтайық.



Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн .......... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ41 Сөйлем және мәтін

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ......... сағат



- ✓ Қатесін тауып, жөндеп жазамыз.
- ✓ Сұрақты жауабымен сәйкестіреміз.

**1-тапсырма.** Қате жазылған сөздерді тауып, қатесін дұрыстап жазайық.

Аяқ, тайақ, қойан, тақия, қийар, пияз, шаян, айиаз.

**2-тапсырма.** Жұмбақты оқып, шешуін табайық.

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады.

1. 
2. 
3. 
4. 

**3-тапсырма.** Сұрақты жауабына сәйкестірейік.

| | |
|---|---|
| 1. Қойдың баласын не дейді? | бұзау |
| 2. Ешкінің баласын не дейді? | бота |
| 3. Сиырдың баласын не дейді? | қозы |
| 4. Жылқының баласын не дейді? | лақ |
| 5. Түйеніің баласын не дейді? | құлын |

**4-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

бардым, жазда, Мен, ауылға.

Аяқтаған: ...... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Сөйлем және мәтін

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ........... сағат

- ✓ Шағын әңгіме құраймыз.
- ✓ Сөйлемдегі сөздің санын табамыз.

**1-тапсырма.** Ойланып, торкөздерге тиісті сөзді жазайық.

   

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кәрі | ☐☐☐ | ☐☐☐ | тәтті |

**2-тапсырма.** Мақалдың мәнін түсініп, жаттап алайық.

Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

**3-тапсырма.** Сурет бойынша шағын әңгіме құрап, айтайық.



**4-тапсырма.** Төмендегі сөйлем неше сөзден құралған?

Атасы немересімен шахмат ойнап отыр.

а. 3 ә. 5 б. 4

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Суреттегі заттардың атын кірістіріп, сөйлем құрап жазамыз.
- ✓ Берілген сөзге сөйлем құрап жазамыз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын кірістіріп, сөйлем құрап жазайық.










**2-тапсырма.** Өлеңді оқып, жаттап алайық.

Отан үшін, халық үшін,
Талмай еңбек етеміз.
Оқып, біліп, құлшынамыз,
Жеңістерге жетеміз.

**3-тапсырма.** Төменде берілген сөздерді сәйкестіріп, сөйлемді аяқтайық.

| | |
|---|---|
| Әнел қаламмен | қонады. |
| Айдос доппен | жазады. |
| Балық суда | ойнайды. |
| Ара гүлге → | жүзеді. |

**4-тапсырма.** Берілген сөзге сөйлем құрап жазайық.

**Дәптер:** ..................... .......................... ............................ ....................... .

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн………. сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат



- ✓ Әріптерден сөз құраймыз.
- ✓ Мәтінмен жұмыстаймыз.

**1-тапсырма.** Әріптерден сөз құрап оқып, оларға сәйкес суретті табайық.










........................ ............................... **Дәурен**







**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, бір буынды сөздердің астын сызайық.

**Қарлығаш**

Арада екі күн өткен соң, қарлығаш оралып, қораға ұя салды. Өзіне серік тауып, жаздай мекендеп жүрді. Асан ылғи бақылап отырды. Күз келіп, құстар қайта бастағанда, бұл қарлығаш та көрінбей кетті.

**3-тапсырма.** Өлең шумағын оқып, жаттап алайық.

Мен кішкентай баламын,
Кітап оқи аламын.
Дәптер, қалам, сызғышты
Сөмкеме өзім саламын.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

***Ана тілі* – Қ41** **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл ... ай ... күн....... сағат

- ✓ Мәтінмен жұмыстаймыз.
- ✓ Ұйқасын тауып жазамыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазайық.




**2-тапсырма.** Ішікті қай кезде киеді? Дұрыс жауаптың алдыңғы ретін дөңгелектейік.

1. жаздыгүні 2. қыстыгүні 3. күздігүні

**3-тапсырма.** Ұйқасын тауып жазайық.

Айбат шегер алыстан,
Аң патшасы ...................

Жем беремін әрдайым,
Тойып алшы.......................

**4-тапсырма**. Үш сөзден құралған бір сөйлем жазайық.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі – Қ41* **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ......... сағат

- ✓ Нүктенің орнына тиісті сөзді қоямыз.
- ✓ Нүктенің орнына **ы, і** әріптерінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазамыз.

**1-тапсырма.** Нүктенің орнына тиісті сөзді қояйық.

Бақта ....................... сайрады.

1. қарлығаш 2. аққу 3. бұлбұл

**2-тапсырма.** Нүктенің орнына **ы, і** әріптерінің тиістісін қойып, мәтінді көшіріп жазайық.

**Қоңыр үйрек**

Жаз. Күн ыст **.** қ. Әкем екеуім **.** з шөп шабуға бард **.** қ. Шабындықтың шөб **.** қал **.** ң екен. Ойламаған жерден үйрек ұша жөнелді. Мен шошып кетт **.** м.

**3-тапсырма.** Мақалдың мәнін түсініп, жаттап алайық.

Екпей, егін шықпас,
Үйренбей, білім жұқпас.

**4-тапсырма.** Сызба бойынша сөйлем құрап, жазайық.

|____________ ____________ ____________ .

|____________ ____________ ____________ ____________ .

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Ертегіні рөлге бөліп оқимыз.
- ✓ Ертегі кейіпкерлерін сызамыз.

**1-тапсырма.** Ойланып, торкөздерге тиісті сөзді жазайық.

   

**Ескі** ☐☐☐☐ ☐☐☐☐ **үлкен**

**2-тапсырма.** Ертегіні отбасы мүшелерімен бірге рөлге бөліп оқиық.

**Ай мен Күн**

Өткен заманда біреудің Айсұлу және Күнсұлу деген екі қызы болыпты. Екеуі де теңдесі жоқ сұлу екен. Бірінен-бірі асқан сұлумын деп, бірімен-бірі үнемі ұрсысып, жиі-жиі жанжалдасып қалады екен. Бір күні Күнсұлу іс тігіп отырған Айсұлуға тиісіп:

– Сенен мен сұлумын! – дейді. Ал, Айсұлу болса:

– Жоқ, сен сұлу емессің, мен сұлумын! – деп таласады. Ақыр аяғында бұл талас үлкен шатаққа айналады.

Ыза қысып, әбден ашуланған Күнсұлу өзіне қарсы келіп отырған Айсұлудың бетін тырнап алады. Күнсұлудың тырнағының ізі Айсұлудың бетінде өшпестей болып қалады. Міне, содан бері Айсұлу жұрттан ұялып, тек түнде ғана тысқа шығады екен. Ал, бейбастақтығынан қатты ұялған Күнсұлу түн қараңғылығында бұғып жатады екен.

Содан бері Айсұлу мен Күнсұлу біріне-бірі көрінбейді.

**3-тапсырма.** Ертегінің келесі кейіпкерін сызайық.



Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## Сөйлем және мәтін

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ............ сағат

- ✓ Заттардың атын жазып, сөйлем құраймыз.
- ✓ Мәтінді оқып, берілген сөздерді буынға бөлеміз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын жазып, сөйлем құрап айтайық.






........ ................... ............................. .......................

**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тауып, жаттап алайық.

Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар.

*Жауабы:*...................

**3-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

үйде, Еркін, тұрады, пәтер.

**4-тапсырма.** Мәтінді 2 рет оқып шығайық.

### Қуаныш

Талғат бірінші сыныпты үздік бағамен бітірді. Оқу жылының соңында оған мақтау қағазы берілді. Талғаттың қуанышында шек жоқ. Ол қағазын ең алдымен анасына көрсетті. Анасы Талғатқа батасын берді.

**5-тапсырма.** Төмендегі сөздерді буынға бөліп жазайық.

Қуаныш –
анасы –

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн............ сағат

Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі – Қ41*　　　　**Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



✓ Буындар мен әріптерден сөз құраймыз.
✓ Мәтінді оқып, берілген тапсырмаларды орындаймыз.

**1-тапсырма.** Буынды келесі сыңарына сәйкестіріп, сөз құрайық.

| | |
|---|---|
| Бал | но |
| Дәп | на |
| Ша | ға |
| Ки | тер |

**2-тапсырма.** Төмендегі әріптерді кірістіріп, сөз құрап жазайық.

б, а, о, л, р, н, а, м.




**3-тапсырма.** Мәтінді мәнерлеп оқып шығайық.

**Жайлауда**

Әкем екеуіміз жайлауға бардық. Жайлау өте тамаша екен. Мен гүл тердім. Жайлаудың ауасы өте таза. Жиі-жиі жаңбыр жауады. Біз атқа мініп, қой қайырдық.

**4-тапсырма.** Мәтін неше сөйлемнен құралғанын тауып, алдыңғы ретін дөңгелектейік.

а. 3　　ә. 5　　б. 4　　в. 6

**5-тапсырма.** Жоғалған сөзді табайық.

Біз атқа мініп, .......... қайырдық.

1. ауа　　2. әкем　　3. қой

**6-тапсырма.** Адамның аты-жөнін білдіретін сөзді табайық.

1. мектеп　　2. Айжан　　3. жер

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн......... сағат　　Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Ертегіні оқып, түсінігін айтамыз.
- ✓ Сызбаны толықтырамыз.

**1-тапсырма.** Ертегіні 3 рет оқып, түсінігін айтып берейік.

### Қорқақ қоян

Ертеде орманда қайырымды қоян өмір сүріпті. Ол кішкентай аңдарға көмектеседі. Олардың жоғалтқан заттарын тауып береді. Себебі қоян иісшіл, дыбысты жақсы сезеді. Барлық аң оны жақсы көреді.

Бір күні қоян орман ішінде жүгіре-жүгіре, секіре-секіре шаршап қалады. Ол өзінің қарыны ашқанын сезіп, қолына дорбасын ұстап, бақшаға келеді. Қоян сәбіздің иісін тез сезеді. Өйткені ол сәбізді жақсы көреді. Сәбіздерді суырып, асықпай дорбасына сала бастайды.

Осы кезде бақшаны суарып жүрген бағбан ата қоянды байқап қалады. Ақырын келіп, қоянның дорбасына қырыққабат салады да, жасырынып қалады. Тықыр еткен дыбысты естіген қоян қорқып кетеді. Жан-жағына қарамай, қолына дорбасын алып, орманға қарай қаша жөнеледі. Осы күннен бастап, ол қорқақ қоянға айналады.

**2-тапсырма.** Қоян қандай аң? Сызбаны толықтырайық.




**3-тапсырма.** Өлең шумақтарын оқып, жаттап алайық.

Сыбдырынан қоянның,
Түнде шошыпояндым.
Жібек тонын мамықтай,
Шешеді ол қамықпай.

Жазда қорқақ сол қоян,
Шөп ішіне бұғады.
Қыста ақ тон киіп ап,
Ақ қардай боп шығады.

**4-тапсырма.** Нүктенің орнына қай сөз сәйкес келеді? Алдыңғы ретін дөңгелектейік.

Қоян .................... жегенді ұнатады.

1. алма 2. сәбіз 3. бауырсақ

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн............ сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Заттардың атын буынға бөліп жазамыз.
- ✓ Кестеге сәйкестіріп, сөз жазамыз.

**1-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын буынға бөліп жазайық.












**2-тапсырма.** Жұмбақтың шешуін тауып, жаттап алайық.

Көкке шаншып құйрығын,
Келеді шауып жүйрігім.

*Жауабы:* .....................

**3-тапсырма.** Сөздерді сызық арқылы сәйкестірейік.

| | |
|---|---|
| Мал | шырылдайды. |
| Балық | ұшады. |
| Телефон | маңырайды. |
| Ұшақ | жүзеді. |

**4-тапсырма.** Кестеге сәйкестіріп, екі-екі сөз жазайық.

| Кісі аттары | Жеміс-жидек атауы | Құс атауы | Ыдыс-аяқ атауы |
|---|---|---|---|
| Айша, .... | алма, ... | үкі, .... | шыны, ... |
| | | | |
| | | | |

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн......... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........ сағат

- ✓ Сурет бойынша әңгіме құраймыз.
- ✓ Дұрыс сөйлем болдырып жазамыз.

**1-тапсырма.** 2-ден 3 рет оқып, жаттап алайық.

*Жылқы атасы – Қамбарата,*
*Сиыр атасы – Зеңгібаба,*
*Түйе атасы – Ойсылқара,*
*Қой атасы – Шопаната,*
*Ешкі атасы – Шекшеката.*

**2-тапсырма.** Сурет бойынша шағын әңгіме құрастырайық.



**3-тапсырма.** Дұрыс сөйлем болдырып жазайық.

өзеннен, аулады, Әсет, балық.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – **Қ41** **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ......... сағат



- ✓ Мәтінге байланысты тапсырмалар орындаймыз.
- ✓ Қарамен жазылған сөйлемдегі сөз санын табамыз.

**1-тапсырма.** Жазбаша мәтінді түсініп оқиық.

Кезекші

Бүгін Асқар мен Сара сыныпта кезекші еді. **Олар мектепке басқа балалардан бұрын келді.** Алдымен парталарды реттеп қойды. Тақтаны сулы шүберекпен сүртіп шықты. Олар міндеттерін ұқыпты орындады.

**2-тапсырма.** Мәтіндегі қарамен жазылған сөйлем неше сөзден құралғанын табайық.

а. 5 ә. 6 б. 4 в. 7

**3-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтінді қатесіз, көркем көшіріп жазайық.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн.......... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ........... сағат



- ✓ Сөзжұмбақты шешіп, сөйлем құраймыз.
- ✓ Сөйлемдерді оқып, мәтінге ат қоямыз.

**1-тапсырма.** Сөзжұмбақты шешіп, боялған бөліктегі сөзге сөйлем құрайық.




| | |
|---|---|
| 1 | Өмірдегі ең аяулы жан |
| 2 | Ас атасы |
| 3 | Шаш тарайтын құрал |
| 4 | Екі өркешті жануар |
| 5 | Киім ілетін құрал |
| 6 | Ешкінің төлі |
| 7 | ...............- білім бұлағы |

**2-тапсырма.** Сөздерді сызық арқылы сәйкестірейік.

| | |
|---|---|
| Гүл | тәтті. |
| Алма | хош иісті. |
| Қуат | қызықты. |
| Кітап | ақылды. |

**3-тапсырма.** Сөйлемдерді оқып, мәтінге ат қояйық.

............................

Күз болды. Жапырақтар қурай бастады. Жұрт шапқан шөптерін қораларына тасып жатыр. Қырман дәнге толды.

**4-тапсырма.** **«Құрай»** сөзін дауысты, дауыссыз дыбысқа ажыратып жазайық.




Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн........... сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

*Ана тілі* – **Қ41** **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл .... ай ... күн .......... сағат



- ✓ Ертегіні сурет бойынша айтамыз.
- ✓ Берілген сөздерге сөйлем құраймыз.

**1-тапсырма.** **“Бауырсақ”** ертегісін сурет бойынша айтып берейік.








**2-тапсырма.** **«Түлкі»** сөзін дауысты, дауыссыз дыбысқа ажыратып жазайық.

Түлкі-... буын, ... әріп, ... дыбыс

т- .................................................. ү-.............................................

л-.............................. к-............................... і-.................................

**3-тапсырма.** **«Бауырсақ»** деген сөзді буынға бөліп жазайық.

**4-тапсырма.** **«Аю»** сөзін қатыстырып, сөйлем құрап жазайық.

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн......... сағат Өзіңді бағала:  ☐  ☐

*Ана тілі* – Қ41 **Сөйлем және мәтін**

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл .... ай ... күн ............ сағат

✓ Мәтінмен жұмыстаймыз.

**1-тапсырма.** Мәтінді оқып, үлгі бойынша басып жазайық.




**2-тапсырма.** **«Кітап»** сөзін кірістіріп, сөйлем құрап жазайық.

**3-тапсырма.** **«Достар»** сөзінде неше буын бар?

а. 3 ә. 4 б. 2

Аяқтаған: ....... жыл ..... ай .... күн...........сағат Өзіңді бағала: ☐ ☐

## БІЗ НЕ ҮЙРЕНДІК?

Оқушының аты-жөні: ............................... Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ........... сағат



- ✓Тапсырмаларды мұқият оқып, дұрыс жауабын дөңгелектейміз.
- ✓Дыбыстарды топтап, буыннан сөз құрап жазамыз.
- ✓Тиісті сөздерді жазып, сөйлемдерді толықтырамыз.
- ✓Ұйқасын тауып, жаттаған өлең жолдарынан жазамыз.

**1-тапсырма.** **«Жаңғақ»** сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

а. 4 әріп, 4 дыбыс    ә. 5 әріп, 5 дыбыс    б. 6 әріп, 6 дыбыс

**2-тапсырма.** Берілген әріптерді топтап жазайық.

а, ж, и, б, з, е, ы, ө, с, г.

| *Дауысты дыбыстар* | *Дауыссыз дыбыстар* |
|---|---|
| а, ... | ж, ... |

**3-тапсырма.** Берілген буындардан 4 сөз құрап жазайық.

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ке** | **а** | **мен** | **мақ** |
| **сыл** | **ме** | **та** | **ғаш** |
| **ба** | **ты** | **лық** | **уық** |

**4-тапсырма.** Нүктенің орнына тиісті буынды қойып, сөйлемдерді аяқтайық.

Анам көрпе тік............    Асан ауыл........... барды.    Дина......... атасы келді.

**5-тапсырма.** **«Өнерпаз»** сөзінде неше буын бар?

а. 4    ә. 2    б. 3

Аяқтаған: ........ жыл ..... ай .... күн.......... сағат

## БІЗ НЕ ҮЙРЕНДІК?

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл ... ай ... күн ........... сағат

**6-тапсырма.** Адасқан буындардан сөз құрайық.

қай то пе паз

көр ас мақ қаш

**7-тапсырма.** Қалып қойған сөзді тауып, сөйлемді толықтырайық.

Мен сабақ .......................... жақсы көремін.

**8-тапсырма.** Берілген сөздерді кірістіріп, сөйлем құрап жазайық.

**Сынып, әнші**

**9-тапсырма.** Ұйқасын табайық.

Сызып өтіп қарды мен,
Таудан түстім ...................

**10-тапсырма.** Өзіміздің жаттаған өлеңдерімізден 4 жол жазайық.

Аяқтаған: ........ жыл ..... ай .... күн ......... сағат

*Ана тілі – Қ51* **БІЗ НЕ ҮЙРЕНДІК?**

Оқушының аты-жөні: ................................ Бастаған: .... жыл ... ай ... күн .............. сағат

## Тараулық бағалаудың жол картасы

Тапсырмаларды орындап, Ертегілер еліне саяхаттайық.







**1. «Жаңғақ»** сөзінде неше әріп, неше дыбыс бар?

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**2.** Берілген әріптерді топтап жазайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**3.** Берілген буындардан 4 сөз құрап жазайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**4.** Нүктенің орнына тиісті буынды қойып, сөйлемді аяқтайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**5. «Өнерпаз»** сөзінде неше буын бар?

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**6.** Адасқан буындардан сөз құрайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**7.** Қалдырылған сөзді тауып, сөйлемді толықтырайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**8.** Берілген сөздерді кірістіріп, сөйлем құрап жазайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**9.** Ұйқасын табайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

**10.** Өзіміздің жаттаған өлеңдерімізден 4 жол жазайық.

**Мұғалімнің бағалауы** ☐ ☐

**Өзіндік бағалау** ☐ ☐

Аяқтаған: ........ жыл ..... ай .... күн.......... сағат